

Сәнік 3. Ежелгі қытай жазбаларындағы...

Зейнолла СӘНІК

ЕЖЕЛГІ ҚЫТАЙ ЖАЗБАЛАРЫНДАҒЫ ТҮРІК АҚЫНДАРЫ

В статье говорится о жизни и творчестве тюркских поэтов встречающихся в китайских источниках. Автор обращает внимание на то, что нельзя не остановиться на ценных данных исследованиях об истории тюркских народов, древней культуры, литературы встречающихся в китайских источниках.

Eski Çin yazalarındaki Türk şairlerinin hayatı ve eserleri hakkında bahsetmiş. Yazar Türk halkları tarihini, eski kültürü, edebiyatı araştırkken Çin kaynaklarında da incelemenin son derece önemli olduğunu uyanıyor.

Қазақтардың арғы тегі хас сақтар, яғни жаужүрек сақтар екендігі тарихтан белгілі. Біздің жыл санауымыздан бұрынғы X ғасырдан жыл санауымыздың бас шеніне дейінгі аралықта Алтайдан Атырауға, Сарыөзен бойынан Сарыарқаның төсіне дейінгі байтақ жерде осы Сақ одағының ізі сайрап жатыр. Бұл халықтан сол кездің өзінде-ақ әлемге белгілі киелі аналар, ғұлама ғалымдар, ірі қолбасылар шыққан. Біз осы айтқандарымызды сақ елінің шығыстағы мәдениетті көрпісі Хән (қытай) елінің жазбалары мен батыстағы мәдениетті көрпісі Грек елінің жазбалары арқылы растай аламыз.

Қытай тарихында қазіргі Шыңжаң өңірі, Қазақстан мен Орта Азия алқабы "Батыс өңір" деп аталған. Осы "Батыс өңір" жайында Хән елінде көптеген өлец-жырлар туған. Ежелгі сақтар, ғұндар, шәнбілер, қидандар, монғұлдар, шүршілтер т.б. тайпалар қытай жазуы да қолдана білген, олардан шыққан бір бөлім ақын-жазушылардың шығармалары да қытай тілінде жазылып қалдырылған. Жыл санауымыздан бұрынғы VII ғасырдың ақыны Алкман грек қыздарын ибени (сақтардың бір бөлігі) жылқыларына салыстыра отырыш жырласа, Қытайда сақтар туралы жыл жыл санауымыздан бұрынғы X ғасырда қағаз бетіне түсірілген. Қытай жазуында Батыс өңір патшаларының анасы немесе сақ патшаларының анасы деп атаған адам Ұмай ана туралы мынадай ақыз бар. Анамыз қазіргі Богда тауындағы (Үрімпі каласының шығыс жақ төрінде) Богда көлін мекендеген екен. Оған Мотиянзы деген қытай саяхатшысы ішкі өңірден сөлемдесе келеді. Бұлкім, ол кез аналық дәуір болса керек, киелі анамыз алыстан келген қонақты қарсы алып, Богда көлі бойында қонақасы беріп, сый-сияппат көрсетеді. Қытайдың жазба мұрасы "Мотиянзы өмірбаяны" деген осы кітапта сақ патшалары анасының мынадай екі өлеці бар.

Ақша бұлт

Жер бетінен көрінер тау сілемі,
Ақша бұлттар кек жүзінде қалықтап.
Аралықты талай таулар бөліп тұр.
Алыс-ақ жол, білсек егер нарықтап.
Сізге мәңгі ұзақ ғұмыр тілеймін,
Қайта айналса, абзal еді-ау, шарықтап.

Бұл бірінші өлең, бәлкім, Мотиянзының Сақ анасына көрсеткен ақ тілегі болар. Ал екінші өлеңді:

Сақ анасының үні
Батыстамын мен,
Орнықтым осы араға.
Бықыған аң мен құс,
Тұр, әне, босағада.
Құдайдың ханшайымымын
Жаратқан жар болар.
Жылжыман бұл топырақтан,
Емес мен хар болар.
Тартылды сырнай,
Көңілге шаттық құйыш,
Үмітім көкке өрледі,
Патшам перзент сүйіш [1. 152].

Сақтар жөніндегі ең ежелгі жазба дерек осылар.

Қытай тарихында поэзияның ең гүлденген дәуірі – Таң хандығының тұсы. 300 жылға созылған бұл дәуірде 50 мың шумақ өлең жазылған. Бұлардың ішінен де түрік ақындарын табуға болады. Ал түрік ақындарының ең көп шыққан дәуірі – Иуан хандығы (XIII ғ.) дәуірі. Жұз жыл дәурен сүрген бұл хандық тұсында 30 мың шумақ өлең жазылыш қалдырылған. Бұлардың ішіндегі түріктерден шыққан қаламгерлердің саны 200-ден асады. Олардың қағазға түскен өлеңдері 4 мыңдан артық. Бұл арада біз кейбір ақындардың өмірі мен шығармалары туралы аздап таныстыра кетпекшіз.

Қаңдық ақыны Потодың

Заманымыздың 232–348 жылдары өмір сүрген ақын, 117 жыл жасаған. Үлкен оқымысты, ғұлама адам болған. Зерітеу жұмысымен бүгінгі Кашмир, Үндістан өндіріне дейін барған. Өз кезінде қаңдық ғұламаларының биік ұстазы атанған. "Гаузуннама" деген шығармада оның бірнеше өлеңдері сақталған [2. 4].

Хату

Ілеңің батысындағы Хыго (Қазіргі Жетісу өңірі болар. Оның қайсы тайпадан шыққанын анықтай алмадым. – З.С.) деген елден шыққан. Әрі ақын, әрі сазгер, әрі ғалым. 586 жылы 10 томдық шығармасы жарық көрген. Көнтеген өлеңдері, ғылыми еңбектері бар. Оның "Чаң-Ән аймағы" деген өлеңінде былай делинген:

Чаң-Әннің жолы тар, иір-қиыр,
Бұтақталыш жан-жаққа таралады.
Кестеленген қорамсақ ернеуінде
Дөңгелектер шиқылдаш ән салады.
Улицда (жер аты) көп такуа, сөзқуарлар,

Сәнік 3. Ежелгі қытай жазбаларындағы...

Топ-тобымен жасақтар жар салады.
Жастар қалай түсінсін қарт сардарды,
Тек ашумен толады бар шанағы [2.17].

Ақынның бұл өлеңінен жасақ басқарған сардар екендігі, қаруларын арбаға тиеп, соған ән салдырыш, шеру тартыш жүретіндігі байқалады.

Қаңлы ақыны Бұкүм

1255–1300 жылдары өмір сүрген. Ақынның өлеңі аз, бірақ сапалы. Әрі сазгер болған. Оның "Умашан бастаудынан өткенде" деген өлеңі былай басталады:

Көусар бұлақ бастаудың суы тұнық,
Сусындаиды жолаушы бетін жуып.
Баяндаиды ол жүргінші халайыққа,
Әлімсақтан бергіні тарих қуып [2. 42].

Қышқақ ақыны Сагидолла

1272 жылы туған. Өлген жылы белгісіз. Сары өзенің бас жағында дүниеге келген. Өз дәуірінің ең білікті ақыны әрі сазгері. Бірнеше жинақ шығарған. Қазір оның 798 өлеңі табылып отыр. Оның үрпағынан Сарын (1600 жылдар), Сайқан (1780 жылдар), Сасарын (1800 жылдар), Салұнгиян (1830 жылдар), Саданиян (1850 жылдар) т. б. белгілі ғалымдар, қаламгерлер шыққан. Сол дәуірдегі Жуан Үнгаң деген зерттеуші Сагидолланың дарыны туралы тоқтала келіп: "Аспанның бораныңдай, теніздің толқыныңдай нөсерлеп келетін, Тайшан мен Хуандан тауындей ғаламат еңселі, Сахараның алыш, көк қарағайыңдай дара тұратын", – деп суреттеген екен. Оның "Таудағы досты еске алу" деген өлеңінде былай делиңген:

Әсілі ол асылзада тұқымы еді,
Өмірді өткізген-ді болыш ғаріп.
Үйінің сау жері жоқ, шұрық-шұрық,
Кимеді бүтін киім иіні жарып [2. 138].

Сейім дулат ақыны Хытияның

1247–1313 жылдары өмір сүрген. Ежелгі үйсін ордасы Дүнхуаңның шығысында дүниеге келген. Ірі әскери қолбасы және қаламгер болған. 5 кітап жазған. Ол Лудафу деген патша уәзірінің ғылымға мән беріп, ғалымдарды қадір тұтқаны үшін оған жыр арнаған. Жырда:

Патша сүйеніп қарт арысына,
Өзінің уәзірін қадір тұтты.
Шәнпішидің (жер аты) екі жағы
тынышталыш,
Бұқіл ел шапағаттың сөлін жүтті.
Уәзір кеңесіне қарап тұрып,

Жыр жаздық,
болса екен деп тақты құтты [2. 48].

Қаңлы ақыны Сәрсен

1295–1345 жылдары өмір сүрген. Қаңлы Бұқумның ұрпағы. Сәрсен Зсан, Наунау деп те аталған. Өзі жоғары білімді, ірі мансап иесі. 51 жасында Пекинде қайтыс болған. Өмірінің ақырында қатты жоқшылық көрген. Ол – өз дәуірінің белгілі хаткері, көркем жазу шебері. Қытай көркем жазуының негізін салып, ережесін жазып кеткен. Солгүстікте Сәрсен, оңтүстікте Жаумыңжау – екі дегдар, қос гауһар атанған [2. 179].

Қыштақ ақыны Сарын

Иуан дәуірінің әйгілі ақыны Сагидолланың ұрпағы. 1672 жылдары әскер бастап, жорыққа шыққан. Соңда Чын Жұңий деген батырға арнап жазған өлеңі:

Күрбан болды жиырма адам бір жерде,
Ер еді ол жігерлі де ұжданды.
Бірақ қаны, сірө, текке ақшады,
Артқы ұрпақтың ар-намысы қозданды.
Рухынан туды толқын шашыған,
Көп жоқтады ел сол бір асыл сардарды.
Көргендеймін Шиху көлден сұлбасын,
Жырым соған құрметпенен арналды [2. 347].

Бұл жерде айтылып отырған Шиху көлі – Фужу өніріндегі өте әсем жер. Ақын табиғаттың сол бір сымбаты мен өзі сүйген батырының образын тамаша бейнелеген.

Қыштақ ақыны Сабан

Туган, өлген жылы белгісіз. Бірақ Қытайдың Хан-Жу қаласында тұрып жоғары білім алғандығы мәлім. Оның "Уй-Шан тауына" деген өлеңінде мынадай жолдар бар:

Уй-Шан тауы әудемжер,
Созсаң қолың жетеді.
Көлінде ойнап қайықтар,
Бойында құс әндettі.
Баспалдағы созылған,
Өңір іші – қалың шөп.
Әулие жолы әне тұр,
Адамзат жатыр сүйек бол [2. 229].

Сөнік 3. Ежелгі қытай жазбаларындағы...

Қышпақ ақыны Даудос

Оның да туған, өлген жылы белгісіз. "Иуан жырларынан үзінділер" деген жинақтан бірқыдыру өлеңі табылған. "Иухуатай" – Жианду өлкесіндегі табигаты әсем жер. Сол туралы:

Жым-жырт дала,
Сыбдыrlайды ағаштың жашырағы.
Жалаң шықтық шоқыларға,
Самал тербен бөркімен шақырады.
Күндер өтті, айлар өтті,
Кездік біз кең даланы.
Дария-тау толғанады.
Тостағанда жетімсіреп
Тұр адамның шарабы [2. 231].

Қытай жазбаларында кейбір ақынның туған жері, қай тайпадан екендігі, нендей жұмыс атқарғандығы айтылады. Бірақ өмір сүрген дәуірі айтылмаған. Мысалы: қышпақ ақыны Даудек дәл осындағы. Бұл ақын бүгінгі Шыңжаң Жемсары (Бесбалық) өңірінде дүниеге келген. Ол әскерлерін бастаған, Хыбы өлкесіне билік жүргізген. Оның "У-анжун ғибадатханасына" деген өлеңінен жорық іздерінің лебі еседі.

Қамшы бастым атыма,
Келдім ғибадатханаға.
Жатыр мұнда сардарым,
Шөп басқан тас астында.
Аттан тұстім, күрсіндім,
Келді есіме қыршын күн.
Мынау мединең далада
Тек құс қана салады үн [2. 306].

Бұл өлеңге арқау болған У-анжун туралы мынадай ескерту берілген: «Ол біздің жыл санауымыздан бұрынғы 222 жылы ғұндармен соғысқан қолбасы еді. Бұл ғибадатхана соған арналып соғылған». Әсіресе ортағасырлық Қытайда түрік текті ақындардың көптеген болуының өзіндік тарихи негізі бар. Шыңғысхан найман елімен болған ұрапыл соғыстан кейін көптеген найманнан шыққан тұлғаларды өзіне әскери һем саяси қолбасшылықта тартады. Солардың бірі найман ханының хатшысы Тәте Тұнғаннан найман жазуын үйреніп, бұл жазуды мемлекет жазуы етіп қолданады. Тіпті найманнның мемлекет басқару түзімдерін де қабылдац, өзінің әскербасыларына Бұқа деген атақ береді. Қытайдағы Чыңду қаласын жеңіп алған батырын "Чыңду Бұқа" деп атайды. Онаң кейін бүкіл Қытайды Шыңғысханның белді сардары жалайыр Мұқалы басқарды да, оның иелігіндегі өлкелері мен аймақтарын қышпақ, қаңлы, найман басқа да түрік текті тайшаларынан шыққан тұлғалар басқарды. Міне олардан шыққан ақындар мен оқымыстылар қытай тілінде көптеген шыгармалар жазып

қалдырды. Дегенмен кейиннен олардың үрпақтары қытайлардың арасына сіңіш кетті.

Қытайлар Батыс өнір деп атайдын аумақта жасайтын ғұн, үйсін, қышшақ, қаңды сияқты түріктердің сол кездің өзінде-ақ өрелі мәдениетті батыс пен шығысқа таратқанын тарихи фактілер толық күеландырып келеді. Олардың тарихтағы алтын іздерін сонау шығыстагы Сарыөзеннің басқа алқаптарынан, онаң ары һінгансынан бастап, Батыста Грек шекарасына дейін, қысқасы, түрік баласы басып өткен өнірдің барлық жерлерінен ұшыратуға болады.

Демек, түріктердің тарихын, оның ежелгі мәдениет, әдебиетін өнер шежіресін зерттегендегі жоғарыдағы сүбелі арналарға соқпауга болмас. Көп болып күш жұмсасақ, осы бір мол мұраның кеңішінен қыруар асылды алып шығарымыз хақ.

ӘДЕБІЕТТЕР

1. Ежелгі 300 өлең. Жиансу. Жиансу жәдігерлербаспасы. 1995.
2. Батыс өнір аз ұлт ақындары жырларынан таңдамалылар. Үрімжі. Шыңжаң халық баспасы. 1988.

REZUME

Z. Sanik (Urimzhi)

TURKIC POETS IN ANCIENT CHINESE LITERARY TEXTS

The article deals with the life and works of Turkic poets in the ancient Chinese literary texts. There is much information about the history, ancient culture and literature of Turkic peoples in Chinese literary texts.